
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

С.ӘБУШӘРІШ
Қ.МӘМБЕТОВ

ҚАЗАҚ-ТҮРК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

В статье рассматривается новый этап казахско-турецкого сотрудничества, показывается его импульс и плодотворное воздействие на весь Туркский мир. | *Bu makalede Kazak-Türkaye işbirliğimin yeni döneminden söz edilir.*

1991 жылы қарашада Ново-Огаревода жеті республиканың ішінде Қазақстан, Қыргызстан, Түркіменстан және Әзіrbайжан сияқты түркі республикалары Тәуелсіз Мемлекеттер Одағын құру жөнінде ииеттерін білдірді. Бірақ, бұл бастамалық ұмтылыс Украина халқының толық тәуелсіздікті қолдан дауыс беруіне байланысты жүзеге аспай қалды. Осыдан соң КСРО-ның құрамындағы түрк республикалары кеңестік құқықтық кеңістіктен шығып қалды. Соның нәтижесінде Қазақстан Халықаралық аренада дербес құқықтық статусына ие болды. Ол ТМД кеңістігіндегі Шанхай үйімі, Орта Азиялық ынтымақтасық үйімі сияқты басқа да аймақтық үйімдар қызметтеріне белсене араласады. Сонымен бірге көнбағыттылық саясат ұстану қағидасына сәйкес Н.Ә.Назараев Қазақстанның болашағы түрк елдерімен ықпалдастықты нығайтуға байланысты екенін жете түсінді. Сөйтіп Достастық аумағында ықпалдаудың бағыттары мен соны кезеңі басталды.

Соның бірі – Орталық Азиядағы ықпалдастық үдерісі. Ол 1994 жылы Орталық Азия Одағын құрудан басталды. Оның негізі Қазақстан, Қыргызстан және Өзбекстан мемлекеттері арасындағы біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы (БЕК) жасалған келісім шартпен қаланды. Аймақтық ықпалдастықта 1997 жылы Бішкек қаласында қол қойылған Мәңгілік достық туралы келісімшарттың маңызы зор. Келісімшартта өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен халықаралық аренада өзара қарым-қатынасты орнату мәселесі басты орынға қойылған.

Аймақтық өзара қарым-қатынастағы қарама-қайшылықтарға байланысты Орталық-Азия ынтымақтасық жобасы бірнеше мәрге қаралып, аймақтық құрылымдар жетілдірілді. Нәтижесінде, 1998 жылы Орталық Азия Одағы Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастыққа айналды. 1996 жылдан Ресей, 1999 жылдан шілдесінен Грузия, Түркия және Украина бақылаушы мәртебесіне ие болды. Орталық Азиядағы экономикалық қауымдастыққа 1998 жылы Тәжікстан қосылды. Ал 2001 жылы Орталық Азиядағы ынтымақтасық үйімінің (ОАБҰ) айналды. ОАБҰ шеңберінде президенттер халықаралық су-энергиялық консорциум және есірткіге қарсы коалиция құру туралы шешім қабылдады. 2004 жылы Душанбе қаласында өткен Орталық Азиядағы ынтымақтасық үйімінің

мүші мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында ұйымға Ресей Федерациясы қосылды.

2005 жылы ақпанды Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің одағын құру туралы бастамасын аймақ басшылары оқыбылады. 2005 жылы «Орталық Азия Үнітімдік гасыры» ұйымына мүші мемлекеттер басшыларының Саммитінде бұл атаптаған ұйым Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа (бұдан әрі ЕурАЗЭҚ) бірікті [1].

Орталық Азия мемлекеттеріне кезінде КСРО құрамына кірген Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Түркіменстан жатады. 4 млн. шаршы километр аумақты алып жатқан бұл мемлекеттер – пайдалы кен қазбаларына бай өлкे Батыс цен Шығыс елдерінің қызығушылығын тудырыш отыратындығы да анық. Бүгінгі күннен бастап Орталық Азия аймағы жаһандық һәм әлемдік саяси картадан өз орнын іздеуде. Аймақ тұрақтылығы мен үдемелі дамуының басты жолы – аймақтық ықпалдасуды Қазақстан сыртқы саясатында жаһандану қауіптеріне қарсы тұрудың ең тиімді тәсілі ретінде таңдаш отыр. Бұл үдеріс су-энергетикалық қорларын және транзиттік-көліктік әлеуетін ұтымды пайдалану, аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру, лаңкестікке, діні экстремизмге және есірткі бизнесіне қарсы құресті біріге отырып шешуге мүмкіндік береді.

Түрік мемлекеттерінің ішінен әлеуеті мығым екі ел – Қазақстан мен Түркияның экономикалық, мәдени және саяси жағынан қарым-қатынастарының нығаюы барша түркілер үшін иглік болып табылады. Олардың бір-біріне деген ынтымағының, жалпы түрік әлемінің бірлігінің нығаюына жәрдемдеседі.

Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынастары Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаған күннен басталды. Бұл ретте Н.Ә.Назарбаев былай дейді: «Біз бүкіл түркі халқының атажұртында тұрып жатырмыз. 1861 жылы қазақтың соғы ханы елтірілгеннен кейін біз Ресей патшалығының, одан Кеңес Одағының боданы болдық. 150 жылдың ішінде қазақ деген халық өзінің үлттық салт-дәстүріш, тілін, дінін ұмытуға аз қалды. Жаратқаның қолдауымен 1991 жылдың 16 желтоқсанында құндізгі сағат төртте біздің Парламентіміз тәуелсіздік жариялады. Бір сағаттан кейін маркұм Тұрғыт Өзал бізді құттықтады. Түрік мемлекеті дүниежүзі мемлекеттері ішінде ең бірінші болыш, біздің тәуелсіздігімізге қуанды, біздің тәуелсіздігімізді таныды. Мұны біздің халық ешқашан ұмытпайды», – деді [2].

1992 жылғы 2 наурыздан бастау алған Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастар осы жылдар ішінде нық бекіш, түрік бауырларымыз халықаралық аренадагы Қазақстан бастамаларына қолдау көрсетумен келеді. Мәселен, БҮҰ мінберінен 1992 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Азия құрлығында бір-біріне деген сенімді арттыруда, ортақ мәселелерді бірігіп ақылдасуға қажет ұйым құру тұрасында бастама

С.Әбұләріш, Қ.Мәмбетов. Қазақ-түрік ынтымақтастығының...

көтергендеге оған Түркия қолдау көрсеткен. Ал АОСШК жұмысы жолға қойылғанда Кеңеске Қазақстаннан басқа шет мемлекеттердің ішінен тұңғыш рет төрағалықты да Түркия атқарды. Өзге де халықаралық ұйымдар шеңберінде Қазақстанмен ұндес екенін танытып жүрген Түркия көшжақты байланыстарда БҮҰ, ЕБҚҰ, ИҰҰ сынды құрылымдарда да, ынтымақтастықты дамыта тұсумен келеді. Бұған қоса Түркі кеңесі, Түркской сынды түркі тілдес мемлекеттерді тоptастыратын халықаралық ұйымдардағы бірлескен іс-қимылдар екіжақты байланыстардың тынысын аша тұсуде. Түркия тараҧынан Қазақстанның түркі кеңесін құру идеясын іске асырудагы маңызды рөлін, сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесі, Парламенттік Ассамблея, Ақсақалдар алқасының құрылуын, Астанада Түркі академиясы ашылғанын жоғары бағалайды, әрі Елбасын түрік әлемінің көшбасшысы санайды. Соның дәлелі ретінде Стамбулда Н.Ә.Назарбаев ескерткішін қойып, көңілдеріндегі құрмет пен ықыластарын білдіріп отыр. Түркі тілдестердің оргақ тіл, дін, тарихи және мәдени құндылықтарға негізделген қатынастарын одан әрі тереңдегуді және жалшытуркілік интеграция үдерісін дамытуда да қос тараҧтың шікірлері ұндес шығып жатады. Оның үстіне 2012 жылы Астананың түркі әлемінің мәдени астанасы деп жариялануы және оның ашылуының Эзіrbайжан, Түркия, Қыргызстан, Түркіменстаннан, Ресей Федерациясынан - Татарстан, Алтай, Тыва, Саха өнірлерінен, Молдовадан Гагаузия өнершаздарының ән-біймен жүргішілікты әлділелеген фестиваль өткізуі жүректерді бұрынғыдан да жақындастырып, жылышыққа бөлей түскені рас.

Қазақ-түрік қатынастарының сан-салалы сауда-экономикалық байланыстары екіжақты ынтымақтастықтың маңызды аспекті болыш табылады. Еліміздің Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметіне сүйенсік, 2010 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы сауда айналымы 1,85 миллиард АҚШ долларын құраган. 2011 жылдың қортындысында бұл сан 3,303 миллиард АҚШ долларына жетсе, ал үстіміздегі жылдың бірнеше жарты жылдығында ол мөлшер 2,460 миллиард доллар шамасында. Сонымен қатар, Түркияда қызмет атқаратын қазақстандық компаниялардың саны қазіргі таңда 150 болыш отыр. Түріктердің біздің елімізде құрылыш, қызмет көрсету, білім беру, т.с.с. салаларда көштеп жұмыс атқарғаны баршаға мәлім [2].

Түркияның қатысуымен үшінші банк – «Түркия-Қазақстан банкі», «Казкоммерц-Зираат банкі» және «Түрік-Қазақстанның Халықаралық банкі» жұмыс істейді.

1992 жылы Қазақстан мен Түркия Президенттері білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастық келісім-шартына қол қойды. Екі ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Сүлеймен Демирел «Үлкен студент-окупы жобасын» іске асырды. Осы жоба шеңберінде жыл сайын Қазақстаннан

Түркияның жоғары оқу орындарына, аспирантура ларына қазақ жастары барыш білім алды. Олар оқу-біліммен бірге ізденістерін жалғастырады, тәжірибе жинаиды. Елге қызмет етудің үлгі-өнегесін қалыптастырады.

1992 жылы Көкшетау, Кентау қалаларында, 1993-1995 жылдар аралығында Алматы, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Шымкент, Жамбыл, Жезқазған, Қарағанды, Өскемен, Талдықорған, Астана, Қостанай, Павлодар, Семей қалаларында қазақ-түрік лицейлері ашылды. Бұл иғі істер Қазақ-Түрік Білім Қоры (KATEV) тарашынан іске асырылды. Осы лицейлерде оқушыларға қазіргі заманға сай білім берілуде. Лицейде оқытын оқушылар Қазақстанда, штетелдерде үйымдастырылған әртүрлі пәндердің олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болуда. 1992 жылдың 30 сәуірінде Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы Үкіметтері арасында келісім шеңберінде Түркістан қаласында түркі жарты әлеміндегі тұңғыш халықаралық қазақ-түрік университетті ашылды. Университеттің Алматыда, Шымкентте, Кентауда белімшелері бар [1].

2012 жылдың 12 қазанында Түркияға барған сапарында Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғарғы деңгейлі стратегиялық ынтымақтастық кеңесинің бірінші отырысының қорытындысы бойынша сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев былай деді: «Бұғынгі екі елдің арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың жиырма жылдығын атаң етіп отырмыз. Бұғын барлық салада знергетика, көлік, ғылым-білім, мәдени қарым-қатынасымыз, Таяу Шығыстағы ахуал Ауғанстан, Сирия мәселесі бойынша барлық жағынан біз ед сенімді кеңейтілген түрде пікір алыстық, Түркия бұғынде Қазақстанның ең жақын стратегиялық әріштесі болыш табылады. Тәуелсіздік пен бірге біз жоғалтыш алған қарым-қатынасымызды қайтадан тауыш, түркі әлеміне қайтыш келдік. Бір-бірімізді танитын болдық. Кеңісіміз кеңейді, достарымыз көбейді, күшіміз тасыды. Түркия мен Қазақстанның арасында шешілмеген ешбір проблема жоқ. Саяси-экономикалық жағынан болсын, басқа жағынан болсын әр уақытта біз ақылдасып мәселелерді шешіп аламыз. Бір-бірімізге қалтқысыз құрметіміз ретінде Астанада Есіл өзенінің жағасында Мұстафа Кемал Ататүрктің еңсөлі ескерткіш орнаттық» [2].

2009 жылы 8 қазанды Астанада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Түркия Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүркке арналған ескерткіштің ашылу рәсімі өткен еді. «Кіші Азияны мекен еткен түрік қандастарымыз жайында сөз қозғаганда, сонау оргағасында ұлы даладан еркениет үлгілерін Анадолы жеріне ала барған бауырларымыз еске түседі. Бұғынде Түркия сияқты бауырлас елмен арадағы ынтымақтастық қарым-қатынастың түрлі деңгейде дамыш келе жатқанын бәріміз білеміз. Осы айнымас татулықтың айғағы ретінде Астана төрінде Түркия Республикасының тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүркке арналған ескерткіштің ашылу салтанатының күесі

С.Әбушаріп, Қ.Мәмбетов. Қазақ-түрік ынтымақтастығының...

болыш отырымыз », – деді Мемлекет басшысы. Ескерткіштің ашылу рәсімінде Түркияның Қазақстандағы төтенші және өкілетті елшісі Атилла Гюнай сөз сөйлемді. Түрік Республикасының негізін қалауышының ескерткіші Астанада Есілдің жағалауындағы гүлзарда орнатылған. Қоладан құйылған, тұтыры мәрмәр ескерткіштің биіктігі 4,4 метр, салмағы 5,5 тоннаға тең. Енсіл ескерткіш елдік мұраггартарды арқау еткен [1].

2012 жылдың 12 қазанында Түркияға барған сапарында Елбасы «Түркия экономикасы соңғы жылдары әлемдегі ең дамыған мемлекеттері біріне қосылып келе жатыр. Біз оған қуанамыз. Себебі бауырлас мемлекеттің өркендеуі бізге де өз септігін тигізді», – деген еді. Шынында да бүгінгі Түркия шалымды жүргізген экономикалық саясатының арқасында әлемде 16-шы орынға және Еуропада 6-шы орынға шыққан, ал оның үкіметі мен халқының алдағы стратегиялық мақсаты әлемдегі бәсекеге қабілетті алғашқы оңдықтың қатарына енү болыш табылатын асқақ мақсатты ел. Сонымен, тұбі бірлігін ұмытпаған екі туыс елдің арасындағы байланыстар күн өткен сайын арадағы барыс-келістердің, түсіністік пен бауырластықтың арқасында нығая түсуде [2].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аяған Б. F., Әбжанов Х. М., Махат Д. А. Қазіргі Қазақстан тарихы. –Алматы: «Раритет», 2010.–354-355 бб.
2. Төлеуханқызы А. Бауырлас елдер арасындағы байланыс та баянды // Егемен Қазақстан, 12 қазан 2012 ж. 1-б.

REZUME

S.ABUSHARIP, K.MAMBETOV (Turkistan)
THE NEW PHASE OF THE KAZAKHSTAN-TURKEY'S CO-OPERATION

This article deals with the new phase of the Kazakhstan-Turkey's co-operation.